



Мектебімізде 29.01.2024- 02.2024 аралығында «Жарқын болашақ иесі- бүгінгі жас маман» тақырыбында жас мамандар мектебі апталығы оздырылды. Апталық жоспарына сай, «Жас мамандарға тәлімгерлік көмек- білім сапасын арттырудың кепілі» тақырыбында жас ұстаздар мен тәлімгерлерге арналған коучинг ұйымдастырылды. Коучинг мақсаты: тәлімгерлер мен жас ұстаздар арасында тәжірибе алмасу, жас ұстаздардың оқу үрдісінде мұғалімдердің кәсіби біліктілігін жетілдіру барысында дара тұлға ретінде қалыптасуына ерекше педагогикалық, психологиялық жағдай туғызу. Мұғалімдердің құзыреттілік деңгейін дамыту.

Коучингке жас ұстаздар, тәлімгерлер қатысты. Коучинг барысында жаңа технология әдіс- тәсілдерімен бөлісіп, оларды қалай тиімді пайдалану туралы бір- бірімен тәжірибе алмасты. «Стикердегі диалог» әдісі арқылы бір- біріне сұрақтар қойып, әдістемелік кейбір мәселелер бойынша жауап алды. Видео- ролик көріп, сол бойынша өздерінің ой- пікірлерімен бөлісті. Коучинг соңында ұстаздар коучингтен алған әсерлерімен бөлісіп, осындай әдістемелік шаралардың берері мол екеніне сенімділік білдірді.

*«Жас мамандарға тәлімгерлік көмек- білім сапасын арттырудың кепілі» (коучинг)*

